



# ТЕМІР ЖОЛ

IKAZ.KZ

# Темір жол туралы

Темір жол —  
рельстермен жүретін  
жүктерді және  
жолаушыларды  
тасымалдайтын бір түрі.  
Темір жолдың дәлме-дәл  
мәні — жер бетіндегі  
рельстермен  
жабдықталған қатынас  
жолдары, және жөніндегі  
құрылыстары.



# Тарихы

- Алғашқы темір жол Ежелгі Грекияда Коринф қаласында пайда болған. Жол 6 километр ұзын әктастан құралған ор болған. Вагондарды жылжыту үшін құлдарды жұмсаған болатын. Орта ғасырда Еуропада ағаштан жасалған темір жолды шахталарда кен тасуға пайдаланған. Жылжитын күш адам және мал болған еді. Темір жол көлігі XIX ғасырда ірі өнеркәсіп орындарының ашылуына, әсіресе, кен қазып, металл өңдеудің дамуына байланысты пайда болды.

# Қазақстан темір жол құрылым тарихы

Қазақстан жеріндегі тұңғыш теміржол магистралі 1894 жылдың 25 қазанында Покров слободасы (бүгінде РФ Саратов облысындағы Энгельс қ.) - Орал тар табанды темір жол телімінің құрылысы аяқталғаннан кейін ашылды. Осы жолдың 130 шақырымы қазіргі Қазақстан жері арқылы өткен.





ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ

- Арада 4 жыл өткеннен кейін Урбах-Астрахан тар табанды темір жол іске қосылды. Мұның да 77 шақырымы қазақ даласын басып өтті.
- Солтүстік Қазақстанның дамуы үшін 1891-1896 жылдары салынған Транссібір магистралінің, дәлірек айтқанда, оның «қазақстандық» 190 шақырымының маңызы зор еді. Бұл жол қазақ пен орыс халықтарының экономикалық және мәдени жақындасуына үлкен үлесін қосты.





ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ

- 1901-1906 жылдары Қазақстан жерінің 1660 шақырымдық аумағын алған, Орта Азия мен Ресейдің орталығын қосатын, Орынбор-Ташкент темір жолы салынды.
- 1914-1917 жылдары болашақ Түрксибтің бір бөлігі Жетісу жолының Арыс-Пішпек телімі салынды.
- 1915 жылы Челябинскі-Троицкі-Қостанай (Қазақстан арқылы 166 км.) магистралі салынды.



ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ

- 1915-1917 жылдары соғылған Алтай темір жолының (Новосибирск-Семей) 122 шақырымы Қазақстан жері арқылы өтті. Бұдан басқа 1918 жылға дейін 117 шақырымдық Екібастұз-Ермак тартабанды темір жолы жұмыс істеп тұрды. 1918 жылға қарай Қазақстан аумағындағы шойын жолдың жалпы ұзындығы 2,6 мың шақырымға жетті.





Кеңес заманының алғашқы темір жолы 1920-1922 жылдары салынған Петропавл-Көкшетау телімі болды. Қазақстанның түкпірдегі аймақтарын дамыту және астықты шығару қажеттілігіне байланысты 1926-1931 жылдары Бурабай-Курорты және Ақмола стансалары арқылы Қарағандыға дейін жалпы ұзындығы 700 шақырымнан асатын жол салынды. 1924 жылы Құлынды-Павлодар теміржол желісі құрылды. Ембідегі мұнай кәсіпшілігінің дамуына 1926 жылдан басталған Гурьев-Доссор тар табанды жолы ықпал етті.

**Назарларыңызға  
рахмет!!!**